

KASE АПТАЛЫҒЫ

04– 08 желтоқсан
2023

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпаратты ашу [ережелеріне](#) енгізілген түзетулер қолданысқа енгізілді
- KASE ресми тізіміне "TAS FINANCE Group "Микроқаржы ұйымы" ЖШС (ТАС ФИНАНС ГРУПП) [KZ2P00010580](#) (MFTSb1), "R-Finance "микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00010366](#) (MFRFb9) облигациялары, "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ облигацияларының [тоғыз](#) шығарылымының, АҚШ Қаржы министрлігінің [халықаралық](#) облигацияларының үш шығарылымы доллары, "Кредит time "МҚҰ" ЖШС [KZ2P00010416](#) (MFKTb5) облигациялары енгізілді.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00007917](#) (MFAFb3), "Самұрық-Қазына "ұлттық әл-ауқат қоры"АҚ [KZ2C00007151](#) (SKKZb25) облигациялары алынып тасталды.
- KASE ресми тізімінен олардың [мерзімінен бұрын](#) өтелуіне байланысты Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органының KZMJ00001295 (ABK024_129), KZMJ00001402 (ABK024_140) және KZMJ00001618 (ABK024_161) облигациялары алынып тасталды.
- Kase_VM* KASE сериясы индикаторларының өкілдік тізімінен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ [KZ2C00007151](#) (SKKZb25) облигацияларын [алып тастады](#).
- KASE-де [KZ2P00010440](#) (MFRFb10) "R-Finance "микроқаржы ұйымы" ЖШС, [KZ2P00009061](#) (TSSPb3) "ТССП Групп" ЖШС, [KZ2P00010226](#) (MFACb2) "Арнур Кредит" МҚҰ" ЖШС облигацияларымен сауда-саттық ашылады
- KASE-де теңгеге рубль бағамына бір айлық фьючерстермен (RU-01.24) сауда-саттық [ашылды](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 5,0 млн MEYKAM-96 13-ші шығарылымын ([KZKD00001202](#), MUM096_0013) және 5,0 млн MEOKAM-24 88-ші шығарылымын ([KZK200000752](#), MOM024_0088) орналастырды.
- "ТССП Групп" ЖШС KASE-де [KZ2P00009061](#) (TSSPb3) облигацияларын орналастыру арқылы 51,2 млн теңге тартты.
- Еуразиялық Даму Банкі KASE-де [KZ2D00009628](#) (EABRb40) облигацияларын орналастыру арқылы 08 желтоқсанда \$10,1 млн тартты.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Кселл" АҚ Fitch Ratings агенттігі қоғамның ұзақ мерзімді рейтингін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- Fitch Ratings S & P Global Ratings агенттігінен кейін "Қазақтелеком"АҚ-ның кредиттік рейтингін [растады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2024 жылы "ТОН-2"мұнай құбыры бойынша мұнай транзитіне тарифті [көтереді](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ Атырау және Маңғыстау облыстарында орналасқан Қаратон подсолевой жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыру жасалғаны туралы [хабарлады](#).
- "Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ "Западное-NORD 2020" ЖШС-нің 49,0 % үлесіне ие [болды](#).
- "Банк ЦентрКредит" АҚ және Еуропалық қайта құру және даму банкі Overnight Indexed Swap (OIS) мәмілесін [жасады](#).




08.12.2023		Трендтер (%)	
KASE Индексі	4 158,29	-0,7	2,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
ТРЕНДЫ			
PayPal Holdings Inc.	61,99	8,7	14,9
Intel Corporation	48,00	7,4	26,6
NVIDIA Corp.	485,00	3,6	7,7
AT&T Inc.	17,00	2,5	8,6
Tesla, Inc.	242,50	1,7	4,6
Apple Inc.	194,00	1,7	8,8
The Coca-Cola Company	61,89	1,5	3,1
Bank of America Corporation	30,87	1,2	10,3
Freedom Holding Corp.	81,01	0,8	- 3,6
АО "ҚазТрансОйл"	862,90	0,3	- 0,1
АО "Банк ЦентрКредит"	1 000,00	0,1	14,7
АО "KEGOC"	1 482,00	- 0,0	- 6,5
АО "Кселл"	1 949,49	- 0,1	- 0,0
АО "Қазақтелеком"	31 843,14	- 0,5	- 1,4
АО "НАК "Қазатомпром"	18 358,00	- 0,6	2,2
АО "Национальная компания "ҚазМунай"	11 501,00	- 0,7	1,8
АО "ForteBank"	3,73	- 1,3	- 1,3
АО Kaspi.kz	46 000,00	- 1,4	0,9
Ford Motor Company	11,37	- 1,6	- 12,9
АО "Народный Банк Казахстана"	160,99	- 1,7	7,5
АО "БАСТ"	6 699,99	- 2,2	4,9
Pfizer Inc.	29,34	- 4,2	- 6,2
Advanced Micro Devices, Inc.	112,00	- 9,7	0,1

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



KASE Global секторында American Airlines акциялары 7 %-ға өсті. Ең үлкен құлдырауды 7 %-ға төмендеген Freerport-McMoRan Inc акциялары көрсетті.

Бір апта ішінде KASE Индексі 4 245,53 тармақ белгісіне дейін ұлғайып, кезекті тарихи максимумды көрсетті. Жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында KASE Индексі 4 187 пункт белгісінде тіркелді. Бір апта ішінде төмендеу 0,7 % құрады.

Бір апта ішінде ЦентрКредит Банкінің акциялары бір акция үшін 18 %-ға 1 176,47 теңгеге дейін өсті, ал жұмада бірден 15 %-ға 1000 теңгеге дейін төмендеді.

Қазақтелеком акцияларының бағасы 0,5 %-ға 31 843,14 теңгеге дейін төмендеді, бұл ретте Fitch Ratings телекоммуникациялық компанияның "Тұрақты" болжамымен "BBB-" деңгейіндегі кредиттік рейтингін растады. Жақында Қазақтелеком және "Ақылды қалалар" компаниясы Қазақстанда бұлтты технологияларды дамытуда, сондай-ақ cloud-шешімдер мен өнімдер желісін кеңейтуде ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасасты.

Кселл акциялары бір акция үшін 0,05 %-ға 1 949,49 теңгеге дейін төмендеді. Fitch Ratings Кселлдің ұзақ мерзімді рейтингін "Тұрақты" болжаммен "BB+" деңгейінде растады.

ҚазТрансОйл акциялары, керісінше, компанияның 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап "ТОН-2" мұнай құбыры бойынша мұнай транзитіне тарифті көтеру жоспарлары аясында 0,3 %-ға өсті.

KEGOC акциялары бір акция үшін 1 482 теңге белгісімен, яғни соңғы орналастыру бағасы бойынша саудалануды жалғастыруда.


Бейжіңде KEGOC, China Power International Development Limited, China Power International Holding Limited және "Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі арасында Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясын сақтау жүйесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы келісімге қол қойылды. Пилоттық жобаны іске асыру электр энергиясын сақтау технологияларын дамытуды ынталандырады және елімізде жаңартылатын электр энергиясы көздерінің санын ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

KASE Индексінің өкілдік тізіміндегі қағаздар арасындағы ең нашар динамиканы Halyk Bank және Kaspi.kz акциялары көрсетті, олардың құны тиісінше 1,7 % және 1,4 %-ға төмендеді.




KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде саудалана отырып, жылдық 16,33 %-дан 14,8 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана жасай отырып, жылдық 13,94 %-дан 11,00 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Қараша айының қорытындысы бойынша теңге бағамы АҚШ доллары үшін 2,4%-ға 458,24 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 155 млн АҚШ долларынан 192 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Республикалық бюджетке қаражат жіберу және "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ акцияларын сатып алу үшін Ұлттық қордан трансферттерді қамтамасыз ету үшін валютаны сату қараша айында 1320 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда көлемінің 31 % құрап, күніне 60 млн АҚШ долларынан аспайтын соманы құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк қараша айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 5 % құрады.


"Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (ҚДКБҚ) активтерінің валюталық үлесін ұлғайту шеңберінде Ұлттық Банк қараша айында 70 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатып алуды да жүзеге асырды.

Қараша айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің қолда бар болжамды өтінімдерінің негізінде желтоқсан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды жоспарлап отыр. Желтоқсан айында БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін қолдау үшін валютаны сатып алу 100-ден 200 лн АҚШ долларына дейін, ҚДКБҚ активтерінің валюталық үлесін арттыру үшін валютаны сатып алу – 30-дан 50 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	574,53	-1,42	1,21	3,90
— USDKZT	457,61	-0,55	-0,99	-0,59
— EURKZT	493,07	-1,66	-0,18	0,49
— CNYKZT	63,90	-0,90	0,88	-3,60
— RUBKZT	4,99	-2,35	-1,19	-22,71

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 604,37	0,2	5,1	16,2	1,3
Dow Jones	36 247,87	0,0	6,3	7,3	0,9
PTC	1 054,28	-3,7	-5,3	-3,9	-2,7
MMBБ	3 079,99	-2,0	-5,1	41,0	-2,7
Hang Seng	16 334,37	-2,9	-7,0	-16,0	-3,2
SS CSI 300	3 399,46	-2,4	-5,9	-14,1	-2,6
Euro Stoxx 50	4 523,31	2,4	8,3	15,4	2,4
FTSEuroFirst	5 040,50	1,3	6,1	1,7	1,4
FTSE 100	7 554,47	0,3	2,1	1,1	0,2
KASE	4 158,29	-0,7	2,4	31,7	

Шикізат нарығы

08.12.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	75,84	-3,9	-4,7	-0,4
Мұнай (WTI)	71,23	-3,8	-5,4	-0,3
Табиғи газ	2,58	-8,3	-16,9	-56,7
Мыс	382,00	-2,3	5,0	-1,6
Темір	1 038,50	2,4	8,2	30,9
Алтын	2 004,67	-3,3	2,8	12,2
Күміс	22,97	-9,9	1,1	-0,4
Астық	615,00	6,6	3,8	-15,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
12.12 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (қараша)	USD	3,1%	3,2%
13.12 ЖІӨ (а/а) (қаз)	GBP	-0,1%	0,2%
13.12 Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (қараша)	USD	0,1%	-0,5%
13.12 ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	5,50%	5,50%
14.12 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт.)	GBP	5,25%	5,25%
14.12 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт.)	EUR	4,50%	4,50%
15.12 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (желт.)	RUB	16,00%	15,00%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,3%	01.12.23	11,8%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	34,1	01.12.23	34,0
Ақша базасы, млрд KZT	10 126,5	01.12.23	9 620,6
Ақша масса, млрд KZT	35 566,8	01.11.23	34 975,3

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 әлсіз	03.03.23	BBB-/A-3 негативті
	Вaa2/позитивті	27.10.23	Вaa2/әлсіз
	BBB/әлсіз	17.11.23	BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.